

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ

Бекітілді

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен

(2019 жылғы 30 мамырдағы № 1 хаттамасы)

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
2005 ж. 02. 02 заңды
Туғыс жеңілдегілік тіркеуден қайта өткізілді
№ 12307-1910-АД куәлік

Алғашқы тіркелген күні: 1997 ж. « 18 » 07

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
произведена государственная перерегистрация
юридического лица - 02. 02 2005г.

свидетельство № 12307-1910-АД

Дата первичной регистрации « 18 » 07 1997г.
БСН/БИН 970740000154

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕМПІЗІЛГЕН

№ 3299 БҰЙРЫҒЫ
2019 ж. 13. 06

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
Внесены изменения и дополнения
в учредительные документы

ПРИКАЗ № 3299
13. 06 20 19

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕМПІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН ЗАҢДЫ

№ 2592 БҰЙРЫҒЫ
2021 ж. 11. 10

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
Учредительные документы действительны
с внесенными изменениями и дополнениями

ПРИКАЗ № 2592
11. 10 20 21

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ.

2019

СМОТРИТЕ
НА ОБОРОТЕ

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының (бұдан былай – Қоғам) заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындайды.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қоғамның атауы

1. Қоғамның толық атауы:

1) қазақ тілінде:

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде:

акционерное общество "Центральный депозитарий ценных бумаг";

3) ағылшын тілінде:

Central Securities Depository Joint-stock Company.

2. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) қазақ тілінде:

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ; немесе
Бағалы қағаздар орталық депозитарийі; немесе
Орталық депозитарий;**

2) орыс тілінде:

**АО "Центральный депозитарий ценных бумаг"; немесе
Центральный депозитарий ценных бумаг; немесе
Центральный депозитарий;**

3) ағылшын тілінде:

**Central Securities Depository JSC; немесе
Central Securities Depository, JSC; немесе
Central Securities Depository.**

3. Қоғам атауының аббревиатурасы: **КАСД.**

2-бап. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері

Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қаласы, "Самал-1" ықшам ауданы, 28.

3-бап. Қоғамның қызмет мерзімі

Қоғамның қызмет мерзімі шексіз.

4-бап. Қоғамның деректемелері.

Қоғамның өз атауы, мөрі, тауарлық белгісі (қызмет көрсету белгісі), бланкілері, мөртабандары және даралау (сәйкестендіру) үшін қажетті өзге деректемелері бар.

5-бап. Қоғамның филиалдары мен өкілдігі

Қоғамның филиалдары мен өкілдігі жоқ.

6-бап. Қоғамның құқықтық жағдайы

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Қоғамның меншік құқығы негізінде Қоғам акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлігі бар және осы мүлігі бойынша өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие бола алады және жүзеге асырады, сотта жауапкер және талапкер бола алады.

Қоғамның дербес балансы бар.

2. Қоғам мүлігі акциялар төлемінен енгізілген ақша есебінен, Қоғамның кірістерінен және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге көздерден құралады.

3. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзінің мүлігінің шегінде жауапкершілік көтереді.

Қоғам өзінің акционерлерінің міндеттемені бойынша жауап бермейді.

Акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орталық депозитарий болып табылады.

Қоғам тиісті лицензияны (тиісті лицензиялар) негізінде банкілік операциялардың жекеленген түрлерін жүзеге асыратын ұйым болып табылады.

5. "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі заңына сәйкес Қоғам коммерциялық емес ұйым, яғни өзінің қызметінің негізгі мақсаты ретінде кіріс алмайтын және алған таза кірісті өзінің акционерлерінің арасында бөлмейтін ұйым болып табылады.

6. Қоғам өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғының нормаларын, Қоғамның ішкі құжаттарын, оның ішінде орталық депозитарийдің қағидалар жинағына кіретін құжаттарды, сондай-ақ олардың құзыретінің шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған Қоғам органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерін басшылыққа алады.

2-бөлім. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІ

7-бап. Қоғам қызметінің мақсаттары

1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес депозитарлық қызметті, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін жүргізу бойынша қызметті және орталық депозитарийдің жүзеге асыруына жататын өзге қызметті жоғары сапалы жүзеге асыру болып табылады.
2. Қоғамның осы баптың 1-тармағында көзделгеннен басқа қызметінің өзге мақсаттарын олардың құзыретінің шегінде Қоғам органдары мен лауазымды тұлғалар анықтайды.

8-бап. Қоғамның қызмет түрлері

1. Қоғам қызметінің мәні төмендегілерді жүзеге асыру болып табылады:
 - 1) бағалы қағаздарды ұстаушылар, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін жүргізу бойынша қызмет;
 - 2) жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының тізілімдерін жүргізу бойынша қызмет;
 - 3) депозитарлық қызметті;
 - 4) банктік операциялардың жекелеген түрлерін;
 - 5) қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қызмет;
 - 6) туынды қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер тізілімін жүргізу бойынша қызмет;
 - 7) (2019 жылғы 1 шілдеден бастап) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру бойынша қызмет;
 - 8) қолданылатын заңнамаға сәйкес Қоғамның жүзеге асыруына жататын немесе Қоғамның қолданылатын заңнамамен жүзеге асыруына тыйым салынбаған өзге түрдегі қызмет.
2. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиялар негізінде және осындай лицензияларға сәйкес жүзеге асырады.

3-бөлім. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН АКЦИОНЕРЛЕРІ

- 9-бап. Қоғамның акциялары. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер**
1. Қоғам коммерциялық емес ұйым ретінде тек жай акциялар шығарады.
 2. Қоғам акциялары оларды Қоғам орналастырған немесе олар сатып алған акцияларды тек ақшаға сатқан кезде төлеуге жатады.
 3. Қоғам коммерциялық емес ұйым ретінде өзінің акциялар бойынша дивидендтер есептемейді жән төлемейді.

- 10-бап. Қоғам акционерлері**
1. Қазақстан Республикасының заңдарына сай осындай құқыққа ие заңды тұлғалар ғана Қоғамның акционерлері бола алады.
 2. Қоғам акционерлері Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңдарына сәйкес Қоғам акционерлерінің құқықтарын пайдаланды және жауапкершілікте болады, бұл ретте:
 - 1) Қоғам акционерлері Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңдарына және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысады;
 - 2) Қоғам акционерлері Қоғамның қызметі туралы ақпарат ала алады, оның ішінде осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржы есептілігімен танысады;
 - 3) Қоғам акционерлеріне Қоғам акцияларын (Қоғамның орналастыратын жарияланған акцияларын немесе Қоғамның бұрын өтеуін төлеп сатып алған өз акцияларын сатуы) артықшылықты сатып алу құқығын пайдалану туралы ұсыныс олардың назарына бірыңғайландырылған жеке жазбаша хабарламалар жіберу арқылы ғана жеткізіледі.

- 11-бап. Қоғам акционерлеріне оның қызметі туралы ақпарат беру**
1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашуға жататын Қоғам туралы ақпарат бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген Қоғамның қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланады.
Сонымен қатар көзделген ақпарат Қоғамның www.kacd.kz жеке интернет-сайтында қосымша жарияланады.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам акционерлеріне беруге жататын осы баптың 1-тармағында көзделгеннен басқа Қоғам қызметі туралы басқа ақпарат Қоғам акционерлерінің назарына біріздендірілген жеке жазбаша хабарлама жіберу жолымен, оның ішінде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау шегінде (Қоғам акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар ретінде) жеткізіледі.

4-бөлім. ҚОҒАМДЫ БАСҚАРУ

12-бап. Қоғамның ұйымдары

1. Қоғамның органдары:
 - 1) жоғары орган – Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы (бұдан әрі – акционерлер жалпы жиналысы);
 - 2) басқару органы – Қоғамның Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі);
 - 3) атқарушы орган – Қоғам Басқармасы (бұдан әрі – Басқарма);
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге органдар.

§ 1. Акционерлер жалпы жиналысы

13-бап. Акционерлер жалпы жиналысының құзыреті

1. Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа мәтінде бекіту;
 - 2) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ осы кодекске өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы және Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын жүзеге асыруға байланысты олардың шығындар төлемін (өтемақы) төлеу мөлшері мен шартын анықтау (осы Жарғының 16-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

- 6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
 - 8) Қоғамның есептік қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту;
 - 9) осындай шешім қабылдау күні оның (олардың) құны Қоғамға тиесілі барлық активтердің баланстық құнының мөлшерінен 25 және одан көп процентін құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен Қоғамның өзге заңды тұлғаны немесе қызметті құруға қатысуы туралы не Қоғамның өзге заңды тұлға қатысушыларының (акционерлердің) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 10) Қоғамның өзінің акционерлеріне акционерлер жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлама түрін анықтау;
 - 11) Қоғам оларды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесін, сондай-ақ аталған әдістемеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 12) акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 13) Қоғам акционерлеріне оның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау;
 - 14) егер осындай мәміле нәтижесінде Қоғам осындай шешім қабылдаған күні құны Қоғам активінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің 50 және одан көп процентін құрайтын мүлікті алғанда немесе иесіздендіргенде (алынуы немесе иесіздендірілуі мүмкін), Қоғамның ірі мәміле жасауы туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлер жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын өзге мәселелер.
2. Осы баптың 1 тармағының 2)–4) және 11) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша акционерлер жалпы жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілік дауыспен қабылданады.
- Өзге мәселелер бойынша акционерлер жалпы жиналысының шешімі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ештеңе белгіленбесе, дауыс беруге қатысушы Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
3. Қоғам акционерлері жалпы жиналысының осы баптың 1-тармағының 10) және 13) тармағында көзделген мәселелер бойынша шешім осы Жарғыға тиісті нормалар енгізу немесе осындай норманы түрлендіру арқылы қабылданады.

4. Акционерлер жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Қоғам Президентінің Директорлар кеңесі, Басқарма, Қоғам Президенті өзінің құзыреттерін асыра қолданумен Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

14-бап. Акционерлер жалпы жиналысын шақыру, дайындалу және өткізу тәртібі

1. Акционерлер жалпы жиналысы осы баптың 2–4 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шақырылады, дайындалады және өткізіледі.
2. Қоғам акционерлеріне оларға біріздендірілген жеке жазбаша хабарламалар жіберу арқылы акционерлер жалпы жиналысын өткізу туралы хабарланады.

Қоғам өзінің акционерлеріне акционерлер жалпы жиналысының өтетіні туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдіспен қосымша хабарлай алады.

3. Акционерлер жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастыру және осы жиналыстың күн тәртібі бойынша түсіндірме беру үшін қажет Қоғам акционерлерінің өкілдерінен басқа тұлғалар, Басқарма мүшелері және Қоғам қызметкерлері тек оның рұқсатымен акционерлер жалпы жиналысына шақыртусыз қатысуға құқылы.

Көзделген тұлғалар құқығын акционерлер жалпы жиналысында көрсету осы жиналыстың шешімімен белгіленеді.

4. Акционерлер жалпы жиналысында дауыс беру қорытындысы немесе Қоғам акционерлерінің сырттай дауыс беру нәтижелері Қоғам акционерлерінің назарына Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде төмендегідей әдіспен жеткізіледі:

- 1) осы қорытындыларды (нәтижелерді) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы;
- 2) Қоғам акционерлеріне біріздендірілген жеке жазбаша хабарламалар жіберу арқылы.

§ 2. Директорлар кеңесі

15-бап. Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ештеңе белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесідей мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау; Қоғамның даму стратегиясын бекіту, мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірлеуге және бекітуге жататын Қоғамның даму жоспарын бекіту;
 - 2) Қоғамның кірісі мен шығысының жылдық сметасын (бюджетін), оның орындалуы туралы есептерді бекіту;
 - 3) акционерлер жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, күн тәртібін құрастыру, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу нысанын анықтау (сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізумен), Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өтетін күнді, уақытты, жерді белгілеу, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқылы Қоғам акционерлерінің тізімі құрастырылатын кезді анықтау, өткізілмеген жиналыстың орнына Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақытын белгілеу;
 - 4) Қоғам акцияларын орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) саны, орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 6) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - 7) Директорлар кеңесінің төрағасын және Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оны ауыстыруға құқылы (құқығы бар тұлғаны) тұлғаны сайлау;
 - 8) Директорлар кеңесінің регламентін, сондай-ақ осы регламентке өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 9) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені (ережелерді) бекіту;
 - 10) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін (оның ішінде Қоғам Президентін) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

- 11) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, Ішкі аудит қызметінің басшысын және қызметкерлерін тағайындау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау (оның ішінде Ішкі аудит қызметі туралы ережені, сондай-ақ осы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту);
- 12) Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін анықтау және оны мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның корпоративтік хатшысының жұмыс тәртібін анықтау (оның ішінде Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережелені сондай-ақ осы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту), Қоғамның корпоративтік хатшысы болмаған жағдайда, оны ауыстыруға құқылы тұлғаны анықтау;
- 13) Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің, Қоғамның корпоративтік хатшысының және оны алмастыратын тұлғаның лауазымдық жалақыларының мөлшері мен оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын анықтау;
- 14) Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметі төлемінің мөлшерін анықтау, Қоғаммен жасалатын (жасалған) ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушы көрсеткен қызмет төлемінің мөлшерін анықтау;
- 15) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын Қоғамның ішкі құжаттарын қоспағанда), оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукциондар және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылымдар өткізу шарты мен тәртібін анықтайтын Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 17) Қоғамның өзге заңды тұлғаны құруға қатысуы туралы немесе Қоғамның аталған заңды тұлғалардың орналастырылған акцияларының жалпы санының 10 және одан көп процентін құрайтын сандағы өзге заңды тұлғаның акцияларын немесе осы капитал көлемінің 10 және одан көп процентін құрайтын өзге заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін алуы (иесіздендіруі) туралы шешім қабылдау (осы Жарғының 13-бабының 1-тармағының 9-тармақшасында белгіленген жағдайды қоспағанда);

- 18) егер Қоғамға аталған заңды тұлғаның осы заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының жалпы санының 10 және одан көп процентін құрайтын санда аталған заңды тұлғаның акциялары тиесілі немесе егер Қоғамға осы капитал мөлшерінің 10 және одан көп процентін құрайтын аталған заңды тұлғаның жарғылық капиталдағы қатысу үлесі тиесілі болса, өзге заңды тұлғаның акционерлер (қатысушылар) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметтер мәселелері бойынша шешім қабылдау;
 - 19) Қоғам міндеттемелерін оның жеке капиталы мөлшерінің 10 және одан көп процентін құрайтын сомаға ұлғайту;
 - 20) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын қызметі туралы ақпаратты анықтау;
 - 21) Қоғамның ірі мәмілелер жасау туралы шешім қабылдауы (осы Жарғының 13-бабының 1-тармағының 14) тармақшасында белгіленген жадайды қоспағанда);
 - 22) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жататын өзге мәселелер.
2. Директорлар кеңесі осы баптың 1-тармағында берілгендерден басқа оның қарауына шығарылған Қоғам қызметінен өзге кез келген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы (Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлер жалпы жиналысының, Басқарма мен Қоғам Президентінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда).

16-бап. Директорлар кеңесінің құрамы

1. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларды (олардың саны Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес келуі тиіс) және осы баптың 4-тармағында көзделген тұлғаларды қоса алғанда, үштен он үш адамға дейінгі тақ санды құрамы болуы тиіс.
2. Директорлар кеңесінің құрамына сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) жеке тұлға келесідей талаптарға сәйкес келуі тиіс (осы баптың 5-тармағында белгіленгенді қоспағанда):
 - 1) Директорлар кеңесінің құрамына сайлауға оның (олардың) мүддесін білдіруші ретінде немесе тәуелсіз директор ретінде Қоғам акционерлерінің біреуі немесе одан көбі ұсынылуы (ұсыным берілуі) тиіс;
 - 2) Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін соңғы бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының қаржы нарығында кем дегенде үш жыл жұмыс тәжірибесі болуы тиіс;

- 3) Акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам қызметінде қолданылатын Қазақстан Республикасының өзге заңнамасын, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарын жеткілікті түрде білуі тиіс (акционерлер жалпы жиналысының пікірінше);
- 4) Директорлар кеңесінің жұмыс тілін (жұмыс тілдерін) еркін білуі тиіс.
3. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз бірнеше рет қайта сайлана алады.
4. Директорлар кеңесінің құрамына дауыс беруге қатысу құқығы бар тұрақты негізде келесідей тұлғалар кіреді:
 - 1) бағалы қағаздар нарығын реттеуді және оларды қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган өкілі ("Бағалы қағаздар нарығы туралы") Қазақстан Республикасы заңының күшінде);
 - 2) Қоғам Президенті (лауазым бойынша).
5. Осы баптың 4-тармағында көзделген тұлғаларға осы баптың 2-тармағында белгіленген талаптар таратылмайды.
6. Бағалы қағаздар нарығын реттеуді және оларды қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган өздігінен, оларға белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесіндегі өзінің өкілін (сондай-ақ қажет кезде құқығы бар тұлға (құқығы бар тұлғалар), ол болмаған жағдайда, осы өкілді алмастыруға құқығы бар тұлғаны анықтайды және Қоғамға оның аты-жөнін хабарлайды.

17-бап. Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

1. Директорлар кеңесінің жұмысы осы баптың 2–9 тармақтарында және осы Жарғының 18-бабында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, акционерлік қоғамдар туралы және бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады.
2. Директорлар кеңесінің төрағасы және ол болмаған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасын алмастыруға құқығы бар тұлға (құқығы бар тұлғалар) Директорлар кеңесінің мүшелері санынан ашық дауыс берумен олардың жалпы санынан көпшілік дауыспен сайланады.
3. Осы отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоса тіркелген Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама мерзімі және Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаның мерзімін қысқарту туындаған кезде Директорлар кеңесінің кешіктірмей қарауын талап ететін жағдайды қоспағанда, осы отырысты өткізу күніне дейін жеті күннен кешіктірмей жолданады және ол кемінде жеті күнді құрайды.

Директорлар кеңесінің кешіктірмей қарауын талап ететін жағдайды анықтауды Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының үштен бірін құрайтын Директорлар кеңесінің мүшелері жүргізеді.

4. Директорлар кеңесінің отырысын өткізген кезде Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін олардың өкілдерінің алмастыруына жол берілмейді (осы Жарғының 16-бабының 6-тармағынан және 21-бабының 3-тармағынан туындайтындарды қоспағанда).
5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Қоғамның ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесі отырысының кворумына немесе мүшелерінің сырттай дауыс беруіне жоғарылатылған талаптар қойылатын жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырысына (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруі) Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының (оның ішінде қатты сөйлейтін бейне немесе телефон байланысы арқылы немесе осы Жарғының 18-бабының 2-тармақшасында белгіленген тәртіппен) жартысынан көбі қатысса, Директорлар кеңесі қарастыруына шығарылған мәселелерді қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.
6. Директорлар кеңесінің отырысын отырыс төрағасы – Директорлар кеңесінің төрағасы немесе болмаса, директорлар кеңесінің төрағасы болмағанда оны ауыстыруға құқылы тұлғалардың бірі немесе аталған тұлғалар болмаған жағдайда, Директорлар кеңесі осы мақсатта сайлаған Директорлар кеңесінің мүшесі жүргізеді.
7. Жекелеген мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін Қоғамның ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс санына ерекше талаптар және/немесе жоғарылатылған талаптар қойылатын жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің отырысын өткізгенде оның шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының (оның ішінде қатты сөйлейтін бейне немесе телефон байланысы арқылы немесе осы Жарғының 18-бабының 2-тармақшасында белгіленген тәртіппен) жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде отырыс төрағасының дауысы шешуші болып табылады, соған байланысты отырыс төрағасы құпия дауыс беру үшін өзінің бюллетеніне қол қоюға міндетті (Директорлар кеңесі оның мүшелерінің құпия дауыс беруі арқылы шешім қабылдаған кезде).

8. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кезінде оны шешімі Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген жағдайларды, сондай-ақ отырыс төрағасы немесе осы отырысқа қатысушы Директорлар кеңесінің кемінде екі мүшесі құпия дауыс беруді талап еткен жағдайды қоспағанда, ашық дауыс берумен қабылданады.
9. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің регламентінде белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруі арқылы шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруіне шешім қабылдаудың сырттай сипатынан туындайтын ерекшеліктерді ескере отырып, осы баптың 3, 5 және 7-тармақтарының нормалары, балама нормалары қолданылады.

18-бап. Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібіне қатысты Директорлар кеңесі мүшелерінің айрықша құқықтары

1. Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс зорайтқыш бейне немесе телефон байланысы арқылы Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға құқылы.
2. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі барлық немесе жекелеген мәселелер бойынша дауыс беруге өзі қатыса алатын (оның ішінде дауыс зорайтқыш бейне немесе телефон байланысы арқылы) Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселелер бойынша алдын ала дауыс беруге құқылы.

Осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес берілген Директорлар кеңесі мүшесінің дауысы Директорлар кеңесі отырысының кворумын анықтаған кезде және оның шын мәнінде жіберілуі және осы отырысқа қатысатын Директорлар кеңесінің қалған мүшелерінің пікірі бойынша дәлелденуі шартымен Директорлар кеңесінің отырысына қатысушы Директорлар кеңесі мүшелерінің дауысын есептеген кезде ескеріледі.

3. Егер Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, ол оның айрықша пікірінің Директорлар кеңесі отырысының тиісті хаттамасына енгізілуін талап етуге құқылы (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру қорытындысы туралы хаттама).

Директорлар кеңесі мүшелерінің айрықша пікірін олардың өзі жеке құжат түрінде жазбаша мазмұндай алады. Мұндай жағдайда бұл құжат Директорлар кеңесі отырысының тиісті хаттамасына (Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаға) міндетті қосымша болып табылады.

19-бап. Комитеттер мен Директорлар кеңесінің комиссиялары

1. Директорлар кеңесі барынша маңызды мәселелерді қарау мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша ұсынымдарды дайындау үшін тұрақты және уақытша комитеттер мен комиссияларды құрады.
2. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру мен жұмысының тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережемен (ережелермен) белгіленеді.

3. Директорлар кеңесінің комиссияларын құру мен жұмысының тәртібі Директорлар кеңесі бекіткен Қоғамның ішкі құжаттарымен және/немесе Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленеді.

§ 3. Басқарма

20-бап. Басқарманың құзыреті

1. Басқарма Қоғамның ағымдық қызметіне басшылықты жүзеге асырады және акционерлер жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.
2. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен және акционерлер жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Қоғам Президентінің ерекше құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.
Басқарма Қоғамның ішкі құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

21-бап. Басқарма құрамы

1. Басқарма құрамына Қоғам Президенті және Вице-президенттер кіреді.
Директорлар кеңесі Басқарма мүшесі ретінде Қоғамның өзге қызметкерлерін сайлай алады.
2. Қоғам Президенті лауазымы бойынша Басқарма төрағасы болып табылады.
3. Егер Қоғам Президенті болмаған немесе өзге себептер бойынша өзінің өкілеттіктері мен міндеттерін орындай алмаған жағдайда, оларды Қоғам Вице-Президентінің бірі орындайды, оған осындай өкілеттіктер мен міндеттер Қоғам Президентінің бұйрығымен немесе Басқарма бекіткен алмастыру схемасына сәйкес немесе Директорлар кеңесінің шешімімен жүктеледі (көзделген бұйрық болмаған немесе Қоғам Вице-Президентін анықтау мүмкін болмаған кезде оған осындай өкілеттіктер мен міндеттерді орындау аталған схемаға сәйкес жүктелуі тиіс).
4. Қоғам Президентінен, Басқарма мүшесінен өзге кез келген басқа болмаған жағдайда немесе өзге себептер бойынша өзінің міндеттерін орындамаған жағдайда, оларды Басқарма бекіткен алмастыру схемасына сәйкес Басқарманың басқа мүшесі орындайды.

22-бап. Басқарманың жұмысын ұйымдастыру тәртібі

1. Басқарма отырысы қажеттілік деңгейіне қарай өткізіледі.

Басқарма отырысы Қоғам Президентінің, Қоғамның Вице-президентінің, оны алмастырушының немесе Басқарманың екі кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.

Басқарма отырысын Қоғам Президенті немесе Қоғамның Вице-президенті, оны алмастырушы жүргізеді.

2. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

Басқарма шешімі Басқарма мүшелерінің жалпы дауыс санының жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қоғам Президентінің немесе Қоғамның Вице-президентінің, оны алмастырушының дауысы шешуші болып табылады.

3. Басқарма шешімі оның отырыстарының хаттамаларымен рәсімделеді.

Басқарма отырысының хаттамасында осы отырысқа қатысатын Басқарма мүшелері туралы, осы отырыстың күн тәртібі туралы, осы отырыс қатысушыларының дауыс беруіне қойылған шешімдер тұжырымдамасы туралы әрбір жеке мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы отырыс қатысушыларының дауыс беру қорытындысы туралы мәлімет болуы тиіс.

Басқарма отырысының хаттамасы осы отырысқа қатысушы Басқарманың барлық мүшелерінің қол қоюына жатады.

4. Егер Басқарма мүшесі Басқарма қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, ол оның айрықша пікірінің осы шешім қабылданған Басқарма отырысының хаттамасына енгізілуін талап етуге құқылы.

Басқарма мүшесінің айрықша пікірін оның өзі жеке құжат түрінде жазбаша мазмұндауы мүмкін. Мұндай жағдайда бұл құжат Басқарма отырысының тиісті хаттамасына міндетті қосымша болып табылады.

23-бап. Қоғам Президенті. Қоғам Вице-президенті

1. Қоғам Президенті оның басты лауазымда тұлғасы болып табылады, Басқармаға ағымдағы басшылықты жүзеге асырады және акционерлер жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуына жауапкершілік көтереді.

2. Қоғам Президенті;

- 1) акционерлер жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

- 2) үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

- 3) үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғамты таныстыру құқығына сенімхат береді;

- 4) акционерлік қоғамдар және бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа уақытта Қоғам қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін анықтайды;
 - 5) міндеттерді, сондай-ақ Басқарма мүшелерінің арасында өкілеттіктер саласы мен жауапкершілікті бөледі (осы баптың 4-тармағында қарастырылғанды қоспағанда);
 - 6) Қоғамның ішкі құжаттары бойынша оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдайды;
 - 7) акционерлер жалпы жиналысы мен Қоғам Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.
3. Қоғамның Вице-президенті Қоғам Президенті бекіткен Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөлу схемасына сәйкес әрекет етеді (осы баптың 4-тармағында қарастырылғандарды қоспағанда).
 4. Қоғам Президентінің бастамасы бойынша және келісімімен Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, өкілеттіктерді және жауапкершілікті бөлу схемасы Басқарма шешімімен, оның ішінде оған сәйкес Басқарма мүшелерін алмастыру схемасы бекітілетін Басқарма шешімімен бекітілуі мүмкін.

5-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

24-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру мен тарату

1. Қоғамның қайта құрылуы (бір немесе бірнеше акционерлік қоғамдармен бірігуі, Қоғамға басқа акционерлік қоғамның қосылуы немесе Қоғамның басқа акционерлік қоғамға қосылуы, Қоғамның екі және одан көп акционерлік қоғамдарға бөлінуі, Қоғамнан бөлініп шығуы және бір немесе бірнеше акционерлік қоғамдармен құрылуы) немесе таратылуы мүмкін.

Қоғам коммерциялық емес ұйым ретінде коммерциялық ұйымға қайта құрылуға жатпайды.
2. Қоғамды ерікте түрде қайта құру немесе тарату Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіпте оның акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі негізінде жүргізіледі.

3. Қоғамды мәжбүрлеп қайта құру немесе тарату Қазақстан Республикасы заң актілерінде көзделген жағдайларда және Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген тәртіпте сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.
4. Қоғамды таратқан кезде кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін оның қалған мүлігі Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар және коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдарына сәйкес бөлінеді.

25-бап.

Басқа ережелер

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына қаншалықты қайшы келмесе, соншалықты жарамды.
2. Осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар акционерлер жалпы жиналысының шешімімен енгізіледі.
3. Оларды реттеу осы Жарғымен және органдардың және олардың құзыретінің шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған Қоғамның лауазымды тұлғаларының шешімдерімен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге жатады.

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ
Президенті



Б.Х. Қапышев

Капышев Бақытжан Хаджиевич

АО "ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ДЕПОЗИТАРИЙ ЦЕННЫХ БУМАГ"

У т в е р ж д е н

решением годового общего
собрания акционеров
АО "Центральный депозитарий
ценных бумаг"

(протокол от 30 мая 2019 года № 1)

УСТАВ **акционерного общества** **"Центральный депозитарий** **ценных бумаг"**

г. Алматы

2019

Настоящий Устав разработан в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, законодательством Республики Казахстан об акционерных обществах, о рынке ценных бумаг, о некоммерческих организациях и определяет правовой статус акционерного общества "Центральный депозитарий ценных бумаг" (далее – Общество) как юридического лица.

Раздел 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Статья 1. Наименования Общества

1. Полное наименование Общества:
 - 1) на казахском языке:
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы;
 - 2) на русском языке:
акционерное общество "Центральный депозитарий ценных бумаг";
 - 3) на английском языке:
Central Securities Depository Joint-stock Company.
2. Сокращенное наименование Общества:
 - 1) на казахском языке:
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ; или Бағалы қағаздар орталық депозитарийі; или Орталық депозитарий;
 - 2) на русском языке:
АО "Центральный депозитарий ценных бумаг"; или Центральный депозитарий ценных бумаг; или Центральный депозитарий;
 - 3) на английском языке:
Central Securities Depository JSC; или Central Securities Depository, JSC; или Central Securities Depository.
3. Аббревиатура наименования Общества: **КАСД.**

Статья 2. Место нахождения исполнительного органа Общества

Место нахождения исполнительного органа Общества – Республика Казахстан, 050051, г. Алматы, микрор-н "Самал-1", 28.

Статья 3. Срок деятельности Общества

Срок деятельности Общества не ограничивается.

Статья 4. Реквизиты Общества

Общество обладает печатью со своим наименованием, товарным знаком (знаком обслуживания), бланками, штампами и иными реквизитами, необходимыми для индивидуализации (идентификации) и деятельности.

Статья 5. Филиалы и представительства Общества

У Общества нет филиалов и представительств.

Статья 6. Правовое положение Общества

1. Общество является юридическим лицом в организационно-правовой форме акционерного общества в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Общество имеет на праве собственности имущество, обособленное от имущества его акционеров, и отвечает этим имуществом по своим обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права и обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Общество имеет самостоятельный баланс.

